

## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 944	▲ 0,26%	▲ 18,3%
NASDAQ	23 530	▲ 0,25%	▲ 1,3%
DJIA	49 442	▲ 0,60%	▲ 16,6%
CBOE Volatility Index (VIX)	16	▼ -5,43%	▼ -11,7%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	10 239	▲ 0,54%	▲ 24,0%
DAX	2 143	▲ 0,34%	▲ 25,6%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	26 924	▼ -0,28%	▲ 37,2%
Nikkei 225	54 089	▼ -0,46%	▲ 35,6%
Shanghai SE	4 113	▼ -0,33%	▲ 26,1%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	7 266	▲ 0,39%	▲ 28,0%

### Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Бейсенбі күні қор нарықтары өсіммен жабылды: S&P 500 0,26%-ға көтеріліп, \$6 944,47 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 0,25%-ға өсіп, \$23 530,02 көрсеткішіне көтерілді; DJI 0,60%-ға қымбаттап, \$49 442,44 деңгейінде қалыптасты. S&P 500 индексіне кіретін 11 сектордың 9-ы сауда барысында өсім көрсетті. Өсім көшбасшылары Utilities (+1,1%), Industrials (+1,0%) және Real Estate (+0,8%) секторлары болды. Ал Energy (-1,0%) және Communication Services (-0,7%) секторларында төмендеу тіркелді.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	11 064 787 508 916	-0,7%	-0,1%	20,4%
Consumer Discretionary	6 550 003 216 975	0,7%	3,0%	16,8%
Consumer Staples	3 427 005 774 455	0,5%	3,5%	4,3%
Energy	1 809 388 536 701	-1,0%	6,9%	-1,3%
Financials	8 508 539 782 845	0,2%	1,2%	10,3%
Industrials	4 878 750 775 483	1,0%	7,5%	18,2%
Information Technology	20 342 106 234 372	0,5%	4,2%	31,1%
Materials	1 171 641 451 289	0,4%	9,6%	14,1%
Real Estate	1 063 071 387 109	0,8%	3,9%	-1,4%
Utilities	1 325 963 969 064	1,1%	2,3%	15,0%
Health Care	5 880 332 242 410	0,5%	4,8%	10,4%

Осыған дейін, екі күн қатарынан төмендегеннен кейін, АҚШ қор нарығы қайтадан өсімге бет бұрды. Индекстерге негізгі қолдауды қаржы секторының акциялары көрсетті: Morgan Stanley және Goldman Sachs қағаздары күшті тоқсандық есептер аясында айтарлықтай қымбаттады. Қосымша оң фактор ретінде тайваньдық микросхема өндірушісі TSMC-тің сенімді қаржылық нәтижелері аталып, бұл америкалық чип өндірушілерінің акцияларының өсуіне серпін берді.

Қаржы компаниялары инвесторлардың назарында болды. Goldman Sachs пен Morgan Stanley тоқсандық пайданың елеулі өскенін хабарлады, бұл мәмілелер нарығындағы жоғары белсенділікпен байланысты болды. Goldman Sachs акциялары 4,6%-ға өсіп, Dow Jones индексінің өсуіне ең үлкен үлес қосты, ал Morgan Stanley қағаздары 5,8%-ға қымбаттады. Сондай-ақ BlackRock-тың есебі нарық тарапынан оң бағаланды: компания аналитиктердің болжамынан асып түсіп, нәтижесінде оның акциялары 6%-ға өсті.

Қаржы секторындағы оң көңіл-күй аясында технологиялық компаниялар да, әсіресе микросхема өндірушілері, нығайды. Жасанды интеллектке арналған озық чиптердің әлемдегі ең ірі жеткізушісі TSMC тұрақты жылдық өсім болжамын ұсынып, АҚШ-та өндірістік қуаттарды кеңейту жоспарларын растады. Компанияның АҚШ-та саудаланатын депозитарлық қолдаттары 4,4%-ға өсіп, жалпы жартылай өткізгіштер секторына деген қызығушылықты арттырды.


Сонымен қатар, сыртқы саяси ахуал нарықтар үшін белгісіздік көзі болып қала беруде. Дональд Трамптың қатаң мәлімдемелері мен әрекеттері инвесторларды алаңдатып отыр. Соңғы күндері халықаралық қауымдастықтың назары Ирандағы жағдайға аударды: Трамп бастапқыда елдегі наразылық білдірушілерді қорғау үшін араласу мүмкіндігін жоққа шығармағанымен, кейінірек күту тактикасына көшті.

АҚШ ішіндегі құқықтық мәселелер де нарықтар үшін қосымша тәуекел факторы болып отыр. Инвесторлар Трамп енгізген жаңадан кедендік баждардың заңдылығына қатысты Жоғарғы соттың шешімін күтуде, себебі бұл шешім актив бағаларының құбылмалылығын күшейтеуі мүмкін. Бұдан бөлек, сот Трамптың ФРЖ басшылығының мүшесі Лиза Кукты қызметтен шеттетуге бағытталған әрекетіне қатысты уәждерді де қарайды. Бұл жағдай бұрынғы президенттің пайыздық мөлшерлемелерді жеткілікті деңгейде төмендетпеді деген сындары аясында орталық банктің тәуелсіздігі мәселесін қайтадан күн тәртібіне шығарып отыр.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	368	0%	34,5%
Банк ЦентрКредит	4 735	-1%	106,6%
Kcell	3 345	0%	-1,0%
Казатомпром	33 970	2%	66,1%
КазТрансОйл	968	0%	17,6%
КЕГӨК	1 473	0%	-3,1%
Kaspi.kz	42 108	3%	-23,2%
КазМунайГаз	21 690	0%	48,3%
Эйр Астана	858	0%	-24,9%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



## Аналитика департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

## Сауда операциялары департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.